«Аңғал батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарына сәйкес 2021-2022 оқу жылына арналған
түсінік хаты

Бекітемін
Бұйрық № 01.09.2021

Мектеп директоры: Н.К.Шокаев

# ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ

«Аңғал батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
2021-2022 оқу жылы
Бағыт: жаратылыстану - математикалық

## «Аңғал батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарына

## ТҮСІНІК ХАТ

Аңғал батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі – оқу іс-әрекетіне деген жоғары үлгі не оқушылардың жұмысына бағытталған білім беру орталығы болып табылады. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы мектеп мәртебесіне ие болған білім беру мекемесі демократия мен ізгілік, қолжетімділік пен ашықтық, жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығы, білім берудің зайырлы сипаты қағидалары негізінде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырады.

Мектептің негізгі оқу міндеттері оқушылардың бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес оларды тереңдетілген, бейінді және саралап оқыту, негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

Мектеп мәртебесі – орта мектеп. 2021-2022 оқу жылында мектепте 12 сынып жинақтары бар. Қазақ тілінде білім алатын сыныптар – 1-11сыныптар, орыс тілінде білім алатын сыныптар – 1 сынып. Сонымен қатар қазақ тілдерінде оқытылатын 1 мектепалды даярлық сыныбы бар.

Мектептің ЖОЖ-н әзірлеу үшін негізге алынатын құжаттар:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424;

«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (өзгерістермен 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрық);

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген).
(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына 1-қосымша.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
22-қосымша.

***Бастапқы саты***

Сабақтар бескүндік режим жұмысында жүргізіледі. 1-4-сыныптар үшін оқу сағаттарының
бөлінуі типтік оқу жоспары сәйкес келеді.Сабақтарды анықтау барысында мектеп ЖОЖ-н таңдау бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен келесі қосымша сағаттар (вариативті компонент) енгізілді:

***Қазақ тілінде оқытылатын сыныптар (тұрақты)***

1-сынып – 22,5 сағат

2-сынып – 24 сағат

3-сынып – 27 сағат

4-сынып – 27 сағат

2021-2022 оқу жылында 1 және 4-сынып оқушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқуды жалғастыратын болғандықтан, сабақтарды анықтау барысында мектеп ЖОЖ-н таңдау бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен келесі қосымша сағаттар (дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар) енгізілді:

2- сыныпта 1сағ. «Тіл дамыту», 3-сыныпта 1 сағ. «Логика», 4-сыныпта 1сағ.
«Жас эколог », 1сағ. қосымша сабақтары берілді.

Орыс тілінде оқытылатын сыныптар үшін **негізгі орта білім берудің** оқу жоспары Типтік оқу жоспарының негізінде құрылды. Негізгі орта білім берудің мазмұны 7 білім беру салаларымен берілген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

**Мектепалды даярлық**

Мектепалды даярлық сыныптарда оқыту  қазақ сыныбында 13 оқушы. Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу жылының ұзақтығы 32 оқу аптасын құрайды. Сабақтар бескүндік режимде, аптасына 24 сағат оқу жүктемесімен өткізіледі.

Сабақтарды анықтау барысында мектеп ЖОЖ-н таңдау бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен келесі қосымша сағаттар (вариативті компонент) енгізілді:

5-сыныпта 1 сағ. «Эмоционалды интелект және сыни ойлау».

6-сыныпта 1сағ. «Медиасауаттылық».

7-сыныпта 1 сағ. «Парасаттылық және әдеп».

8-сыныпта 1 сағ. «Экология»

9-сыныпта 1 сағ.«Дінтану» курстары оқытылатын болады.

Элективті курстар бойынша 7-9 сыныптарға  химия пәнінен 2 сағат  және «Оригами» үйірмесіне 1 сағат факультатив берілді. Жалпы 5-9 сыныптар арасында 2 сағат факультатив вакантта тұр.

Жалпы білім беретін мектептердің 11 сыныптары үшін жаратылыстану-математика бағыты инварианттық компоненттеп таңдау пәндері бойынша 2 сағаттан бөлінді. Ол сағаттар келесі ретпен үйлестірілді.
11сыныптарда 2 сағат «графика » пәніне берілді.
Элективті курстар: 11-сынып «Абайтану» 1 сағат, «Математика » 2 сағат , «Химия» 1 сағат , «Информатика » 1 сағат «Физика»1 сағат пәндеріне бөлінді. Дене шынықтыру пәнінен 11 сыныпқа қозғалмалы ойындарға 1 факультатив.

1-4 сынып аралығындағы цифрлық сауаттылық пәні 3-4 сыныптарды 2021-2022 оқу жылының қыркүйек айынан бастап жүргізіледі. 1-сыныптағы 0,5 сағаты 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап өткізіледі. 2-сыныпта 2022 жылдың 1 қыркүйек айынан жүргізілетін болады.